



# 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ŞÜĞYLA-RADUGA

№34 (6572), 1 мамыр 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



Аудан айнасына 60 жыл

### ФЕСТИВАЛЬ

## ТІЛ – ДОСТЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Елімізде 130-дан астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – еліміздің басты құндылықтарының бірі. Тәуелсіздік алған жылдан бері қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып, қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданыс аясын кеңейтті. Осы бағытта этнос өкілдерінің қазақ тілін меңгеруіне ерекше көңіл бөлінді. Бүгінде этнос өкілдері қазақ тілін еркін меңгеріп, мемлекеттік қызметте, білім беру, медицина, бұқаралық ақпарат құралдары салаларында жемісті еңбек етіп жүр.



Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілі турасында: «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Бұл ретте ана тіліміз тек көркем әдебиетте ғана емес, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылады. Ең маңыздысы, жастар арасында қазақша сөйлеу сәнге айналды.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінің болашағы жарқын. Мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» деп нық басып айтқан еді.

Бірлік күніне арналған «Тіл арқылы – бірлікке, мәдениет арқылы – дамуға» атты тіл фестивалі қазақ тіліне құрмет көрсетуге, оның аясын кеңейтуге бағытталды.

→ 3

### ҚҰТТЫҚТАУ

## Ынтымағымыз ырымсты болсын!

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының, аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаевтың 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары! Баршаңызды бірлік пен татулықтың, ырыс пен ынтымақтың мейрамы – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың, өзара сыйластық пен достықтың айқын көрінісі. Қазақстан халқы үшін бұл күннің маңызы ерекше. Өйткені, біз түрлі этнос өкілдерімен бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ортақ мақсат жолында еңбек етіп келеміз.

Бірлік – біздің басты байлығымыз, берекелі тірлігіміздің негізі. Тәуелсіз еліміздің табысты дамуы мен жарқын болашағы да осы ынтымақ пен бірліктің арқасы.

Бүгін ауданымызда әртүрлі этнос өкілдері өзара түсіністік пен құрметтің үлгісін көрсетіп, ел игілігі жолында аянбай еңбек етуде. Бұл – біздің ортақ жетістігіміз, мақтанышымыз.

**Қадірлі жерлестер!** Татулықты ту еткен халқымыз үшін бірлік әрқашан қастерлі ұғым болып қала бермек. Біз осы құндылықтарды сақтай отырып, келер ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем болсын!



## Алғаш көрген әсерлі әлемім

Қайран, қадірлі де албырт шақ – 17 жас... Осы жасымда өзім құралпы сыныптастарыммен Пионер орта мектебін бітіріп, арман қуып сол кездегі ел астанасы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы (қазір Әл-Фараби атындағы) Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсу үшін құжаттарымды тапсырдым. Бірақ, жолым болмады, аңсарым ауған оқу орнына түсе алмай, ауылға қайттым.

Ауылға келген соң ауа қуып бос жүре бермейін деген ойдың жетегінде, мақсатыма жетуді ойлап ауданымыздағы қаламгерлердің кара ошағы, жас талапкерлердің алғашқы баспалдағы аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясының есігін қақтым. Газет қызметкерлері мен үшін аса бейтаныс кісілер емес еді. Мектеп қабырғасында 6-7 сыныпта оқып жүрген кезден бастап мектеп, ауыл өмірінен түрлі ақпараттар жолдап, алғашқы өлең-тақпақтарым мен жазған-сызғандарым газет бетінде шығып тұратын. Аға буынның да жазғандарын оқып, өздерін танып қалғанмын. Сондықтан бұл киелі шаңырақтағы аға-апайлар көңіліме жақын, құрметті, құдіретті, киелі кісілер болатын. Олай деуіме себеп, өрелері



Нұрлан ИСАЕВ, сексенінші жылдардағы Жамбыл аудандық баспаханасының әріп терушісі, «Шұғыла» газетінің тілшісі.

биік, ерекше адал, шығармашыл, танымал да табанды адамдар болып көрінетін және шын мәнінде сондай кісілер еді...

Сонымен мен алғаш редакция табалдырығын жасқана аттап, редактордың міндетін уақытша атқарып жүрген танымал ақын, сол кездегі аудан журналистерінің арасындағы жалғыз Жазушылар одағының мүшесі Совет Әлімқұлов ағамызға (жатқан жері жәннаттың төрі болсын) кірдім. Ол кісі бұрыннан хат жолдап хабарласып тұратын мені жылы қабақпен қарсы алды.

→ 4

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## АКАДЕМИЯҒА КІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ?

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау бойынша семинар-кеңес өтті. Ауылдық округ әкімдері мен бас мамандар қатысқан жиынды аудан әкімі аппаратының басшысы Самат Селеубаев ашып, жүргізіп отырды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Семинарда ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры Мәлік Асанов академияға

оқуға қабылдау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оның айтуынша, ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап Мемлекеттік басқару академиясына магистратура мен докторантура бағдарламаларына құжаттар қабылдау басталды.

→ 2

## ЖАЗЫЛЫМ-2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

# ВЕТЕРИНАРИЯ АДАМЗАТТЫ ЕМДЕЙДІ



Нұрасыл СҮЛТАНБАЕВ

**Мал дәрігері – сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Себебі мал ауырса ауыл шаруашылығы шаш етектен шығынға батып қана қоймай, адамға да жұғып, халық өміріне қауіп төнеді. «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген сөз осыдан қалған.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел

өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Үкіметке ветеринария саласын жетілдіруді тапсырған болатын. Аталған маңызды құжатта Президент: «Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс. Атап айтқанда, үдерістерді

цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары. Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауы керек», – деген еді. Президент тапсырмасынан кейін салаға көңіл бөлініп, қордаланған мәселелер оң шешімін тауып келеді.

Сейсенбі күні аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Нұржан Мұқашевтің төрағалығымен аудан әкімдігінің кезекті мәжілісі өтіп, онда ветеринария саласында атқарылған жұмыстар, аудандағы эпизоотиялық жағдай және ауыл шаруашылығы малына егу шараларын жүргізу мәселелері кеңінен қаралды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Әнуар Әкімжанов баяндама жасады.

Хабарламашының айтуынша, ветеринария бөлімінің негізгі қызметі – аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, диагностикалау, вакцинациялау, малдан алынатын тамақ өнімдері мен шикізаттардың адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бүгінде аудандық ветеринария бөліміне қарасты 13 ветеринариялық пункт қызмет атқарады. Қазіргі таңда аудан аумағында 10 ветеринариялық пункт, мал егу-емдеу орнымен қамтылған. Ал Ақбастау және Ернарар ауылдық округтерінде ветеринариялық пункт, мал егу-емдеу және мал тоғыту орнының құрылысы аяқталса, Жамбыл ауылдық округінде ветеринариялық пункттің құрылысы жүргізілуде.

Бөлімде 83 қызметкер, яғни, 1 бөлім басшысы, 2 эпизоот дәрігер, 13 меңгеруші, 28 ветеринар дәрігер, 30 ветеринария фельдшері, 2 ветеринар санитар, 1 шаруашылық меңгерушісі, 1 жүргізуші, 1 еден жуушы, 4 жұмысшы еңбек етеді.

Бөлім төңірегінде 12 «НИВА», 1 «УАЗ», 1 «Ssang Yong», 1 УАЗ Патриот, 1 ДУК автокөлігі бар. Сонымен қатар облыс әкімдігі тарапынан жуырда ауданымызға 10 «НИВА» автокөлігі берілді.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша 2026 жылға жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы бағытталған ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Нәтижесінде жыл басынан бері 2 адамнан эхинококкоз ауруы, 2 мүйізді ірі қарадан, 17 ұсақ малдан сарып (бруцеллез) ауруы анықталса, 5 адамды кене шаққан, 61 адамды ит қапқан.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру дерекқорында 37359 мүйізді ірі қара, 312716 ұсақ мал, 22925 жылқы, 70 түйе, 2072 шошқа тіркелген.

Ауданда мал өлекселерін тастайтын 8 биотермиялық «Беккери» шұңқыры бар. 2022 жылы Айшабиі ауылдық округінде орналасқан биотермиялық шұңқыр толуына байланысты консервацияға жабылды.

Аудан аумағында кадастр бойынша тіркелген 8 сибір жарасы ошағының көмінділеріне 2026 жылғы жоспарға сәйкес әктеу, сырлау және дезинфекциялау жұмыстары жүргізілді, ветеринариялық талаптарға сәйкес қоршалып, бетондалды. «Қауіпті аймақ» тақтайшалары ілінді, топографиялық картаға және «Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне» енгізілді.

Баяндамашыны мұқият тыңдаған Нұржан Нұрланұлы ветеринария саласы үлкен жауапкершілікті талап ететінін еске салып, жұмысты жандандыру керектігін жеткізді. Әсіресе ауылдық округтердегі мал сою алаңдарының санитарлық тазалығы сын көтермейтінін айтып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Соңы. Басы 1-бетте

## АКАДЕМИЯҒА КІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ?



Үміткерлерден өтініштерді қабылдау admission.apa.kz порталы арқылы жүзеге асады. Жаңа оқу жылына гранттар мен бағдарламалар саны артқан. Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында магистратураға 200-ге жуық адамды, докторантураға 12 адамды қабылдау жоспарланған. Оқу жылының басты жаңашылдықтарының бірі – «Іскерлік-әкімшілендіру» және «DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару» сияқты жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілгені. Бірнеше бағыттардың ғылыми-педагогикалық бағытқа ауысуына байланысты «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар» және «Экономика» бағдарламалары бойынша оқу мерзімі 2

жылға дейін ұлғайтылған. Конкурстық іріктеу процесі маусым айында аналитикалық эссе жазу, офлайн форматтағы сұхбат және докторанттар үшін зерттеу жоспарын қорғау секілді үш кезең бойынша жүзеге асырылады. Іріктеудің қорытынды нәтижелері 10 шілдеде жарияланып, оқу процесі 1 қыркүйекте басталады.

Өз кезегінде қатысушылар мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсу бойынша сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар ала алды.

Кенесті Самат Апасдықұлы қорытындылап, Мәлік



жылға дейін ұзартылған. «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» мамандығының атауы жаңартылып, оқу уақыты 1,5

Назымбекұлына мемлекеттік қызметкерлерге академияға оқуға қалай түсуге болатынын жете түсіндіргені үшін алғыс айтты.

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

**Ернарар ауылдық округі әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы негізгі тетіктердің бірі – тұрақты түрде өткізілетін түсіндіру және алдын алу жиындары.**

## ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛГЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Ауыл тұрғындары мен мекеме мамандары арасында өткізіліп жүрген басқосударда мемлекеттік қызметкерлерге парақорлықтың қоғамға тигізетін зияны, оның алдын алу жолдары, сондай-ақ заң талаптарын қатаң сақтау қажеттілігі жан-жақты түсіндіріледі. Ұжым мамандары бұл індеттің алдын алу әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті екенін терең түсініп, өз қызметтерінде ашықтық пен адалдық қағидаттарын берік ұстануда.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет алушылар арасында да түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің заң аясында, ашық әрі әділ жүзеге асырылуы басты назарға алынған. Осы мақсатта мекеме ғимаратында арнайы ақпараттық бұрыш ұйымдастырылып, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты мәліметтер мен байланыс деректері орналастырылған.

Бұдан бөлек, тұрғындардың өтініштері мен шағымдарын қабылдауға арналған арнайы жәшік қойылып, әрбір азаматтың пікірін білдіругіне қолайлы жағдай жасалған.

Жалпы, Ернарар ауылдық округі әкімі аппараты тарапынан атқарылып жатқан мұндай кешенді жұмыстар әлеуметтік кеселдің алдын алуға, қоғамда адалдық пен әділдік қағидаттарын қалыптастыруға оң ықпал етуде.

**Айдана ӘЛІМҚҰЛОВА,**  
Ернарар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



Соңы. Басы 1-бетте

# ТІЛ – ДОСТЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ



Аудандық мәдениет үйінің алуасында аудандық орталық кітапхана қазақ тіліне арналған кітап көрмесін, ауылдық округтердегі этно бірлестіктер өздері жасаған бұйымдарын, дайындап әкелген түрлі тағамдарын көпшілік назарына ұсынды. Аудан мектептеріндегі оқушылар қазақ және түрлі этностардың биін билеп, мерекенің көркін қыздырды. Айтулы мерекеге сай безендірілген сахнада әуелі «Аса сазы» ән-би ансамблі күй орындады. Лэд экраннан «Тіл

тұғыры» атты мемлекеттік тіл саясатын жүргізу барысы туралы бейнебаян көрсетілді. Мерекелік жиында сөз сөйлеген облыс әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбай: «Тіл саясатын дамыту және мемлекеттік тілдің қоғамдағы ролін арттыру маңызды. Осы орайда жыл сайын Бірлік күні аталып өтетін дәстүрлі тіл фестивалі айрықша маңызға ие. Бұл күн – Қазақстанда тұратын барша этностардың ана тілдеріне және мемлекеттік тілге

құрмет көрсетілетін ортақ мереке. Аталған іс-шара тіл мерекесінің жалпыхалықтық сипатқа ие болуы үшін оның маңызын халық арасында кеңінен насихаттауды мақсат етеді. Тіл фестивалі тек мәдени іс-шара ғана емес. Бұл – ұлт руханиятын ұлықтайтын, тілге деген құрметті арттыратын, қоғамды біріктіретін маңызды алаң. Ана тіліміздің болашағы жарқын. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бүгінгі шара мемлекеттік тілді дамытуға септігін тигізеріне сенімдімін» – десе, аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова: «Мәдениет – ұлттың қуаты, асыл қазынасы. Тіл – халықтың жаны, рухтың тірегі, ұлтымыздың рухани өзегі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі – ұлттың ұйытқысы. Бұл тілдің мерейін асырып, қолданыс аясын кеңіту – бәріміздің азаматтық парызымыз» деген. «Тіл арқылы – бірлікке, мәдениет арқылы – дамуға» атты тіл фестивалі осынау қасиетті ұғымдарға сүйенеді. Тіл фестивалі – ел бірлігі мен ынтымағының, этностар арасындағы өзара достық пен түсіністіктің айшықты белгісі. Бүгінгі іс-шара еліміздің мерейлі мерекесі Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өтіп

отырғаны сөзімізді салмақтай түседі. Тіл мен тәуелсіздік егіз ұғым десек, тіл рухани бірлік пен қоғамдық келісімнің кепілі болып қала береді. Ауданымыз – бірнеше этнос өкілдерінің рухын тербеп тұрған киелі бесік, құтты өлке, мәдениет пен тіл құндылығын ұлықтаған мекен. Өңір халқының 16 пайызын құрайтын өзге этнос өкілдерінің барлығы дерлік қазақ тілінде сөйлей алады. Бұл мемлекеттік мәртебе биігінен қарағанда қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңейгенін, тіл білімінің біртұтас ғылым екенін көрсетеді. Жергілікті

тұрғындар арасында татулықтың берік тірегі барын айғақтайды» – деді. Мемлекеттік тілді кеңінен дәріптеу мақсат етілген шарада тіл жанашырлары Кендебай Оңғарбаев, Айгүл Бақытжанова, Забида Мирзаева, Таирбек Төлентаев, Яшар Мучу-Оглы аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Диана Ким, Мерей Жамалбек аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айтулы фестиваль аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен түйінделді.



**Бірлік күні – бейбіт өмірмен ынтымақтаса тұрмыс кешіп отырған қазақстандықтар үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы. Бұл – әрбір тұрғын үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі. Себебі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – мемлекетіміздің ең маңызды байлығы.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

күнін тойлайды. «Береке бастауы – бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мерекенің орны ерекше. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі – елдің саяси экономикалық тұрақтылығының негізгі факторы. Сәл әріден бастасак, 1 мамыр елімізде 1996 жылдан бері Қазақстан халықтарының бірлігі күні ретінде аталып келе жатыр. Бұл жайдан жай аталатын мереке емес. Бұрын кеңестік кезеңде 1 мамыр – еңбек мейрамы, бейбітшілік мерекесі деп аталып өтілетін. Тәуелсіздік алар кезде қазақ халқының үлес салмағы

Қазақстан халқының жартысына жуықтады. Осындай жағдайда тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасы ең алдымен, еліміздегі саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісім мен достық қарым-қатынасты қалыптастыруды алдына мақсат етіп қойды. Оны жүзеге асыру үшін мемлекеттің саясаты керек болды. Сол мақсатта 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп аталды. Ұлы мұрат жолындағы идея бірлігі, мақсат бірлігі – қазіргі кездегі ел саясатының басты тетігі. Бұл тетіктерді жүзеге асырумен, бізде ұлтаралық тыныштық та, дінаралық тыныштық та, тұрақтылық та қалыптасты. Ал тыныштық болған жерде, саяси тұрақтылық болған жерде, тек қана алға қарай даму болады. Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның уықтары іспетті. Біздің ең қымбат қазынамыз – халықтар достығы,

бірлік пен толеранттылық. Осы қағидалардың бәрін қалыптастыруға көптеген буынның өкілдері атсалысты. Бүгінде өз тарихымызды қайтадан сүзгіден өткізіп қарасак та, біз бұл байлығымызды, ізгі дәстүрлерімізді жоғалтуға қақымыз жоқ. Қазіргі таңда кез келген қазақстандық ұлттық немесе діни ұстанымына қарамастан өз елінің тең құқылы азаматы саналады. Бұл жерде мемлекеттік тілдің атқарар рөлі ерекше. Қазақ халқы мен мемлекеттік тіл дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамды біріктіруші фактор ретінде ықпал етуде. Өйткені, қазақ тілі – бүкіл ұлт өкілдерін біріктіретін достық дәнекері. Бейбіт өмір мен тұрақтылықтың тыныштықтың қадірін арттыра түсетін жағдаяттар аз емес. Бұл күнде жаһандық аумалы төкпелі жағдайды бастан кешкен, мемлекеттік жүйенің тепе-теңдігі бұзылған, берекесі төгіліп, бірлігі сөгілген елдердің саны артып келе жатқанын да байқауға болады. Әсіресе, жылдар бойына жалғасып келе жатқан дінаралық, ұлтаралық қақтығыстар бойынша әлемдік дипломатияның небір озық үлгілері де отты нүктелердің шоғын сөндіре алмай отырғанына әлем жұртшылығы куә. Сондықтан да, бірлігі, ынтымақтастығы жарасқан елде тұрақтылық сақталып, болашақ дамуы да баянды болмақ. Әлемдегі жағдайға зер салған

кезде бірлігі бұзылған, сөзі бұзылған, татулығы болмаған елдердің жағдайының қиын екенін, ал, керісінше, бірлігі бар ел қандай қиыншылықтан өткенін де көріп отырмыз. Мәселен, алысқа бармай-ақ ел ішіндегі жағдайды алайықшы. Әртүрлі құбылыстар, апаттар болған кезде Қазақ елі бір екенін, бір ананың баласындай бірігіп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, бүкіл қиындықты бірлесіп, бәріміз бастан кешіргеніміздің куәсі болдық. Жаһандану, ғаламдану заманында қандай қиын жағдай болса да, қандай қиын мәселе күтсе де біздің ауызбіршілігіміздің арқасында кез келген қиындықтан оңай өтеміз, алдымыздан кездескен талай асулардан асамыз, талай белестерді бірге ел болып бағындырамыз. «Ырыс қайда барасын? Ынтымаққа барамын!» дейді халықтың әпсанасы. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген де қазақтың дана сөзі бар. Шындығында, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі экономикалық-әлеуметтік салаларындағы тұтас жетістіктері тек бірліктің, сол бірлік арқылы келетін тұрақтылықтың арқасында ғана орын алды. Ауызбіршілігіміз жарасып, жетістікке жете берейік. Әлемдегі беделді елдердің арасынан өз орнын тапқан және дамыған мемлекеттердің қатарында болуға біз әбден лайықпыз.

# Талаптыға бағыт-бағдар берген қадірлі орын



**Илияс ЫСҚАКОВ,**  
сексенінші жылдардағы  
аудандық баспаханың  
газет беттеушісі,  
«Шұғыланың» тілшісі.

КазГУ-ге келіп, журфакқа құжат тапсырдым. Бірінші сүрінгенім, шығармашылық жазбаларым болу керек екен. Менің бір өлеңімнен басқа тасым да жоқ. Емтиханды да оңдырмадым. Мектепті жаман бітірген жоқ едім, жолым болмады ма, өте алмадым. КазГУ-дың есігін қаққаным болмаса, табалдырығын аттап, аудиториясына бас сұға алмай кері қайттым. Сыныптасымның ағасы Мұса Рахманберді деген кісі Алматыда журналист болып істейтін. Ол кезде «Ақ тілеу» деген кітабы да шыққан. Сол кісіге барып ақыл сұрадым. Ол мені ауданға барып, келер жылға жақсылап дайындал деді. Сөйтті де қолыма бір жапырақ қағазды беріп жатып «Аудандық «Шұғыла» газетінде Арғынбай Бекбоисынов деген бас редактор бар. Соған мына хатты көрсетерсің, ол қолыңнан келгенше көмектеседі» деп шығарып салды.

Койнымда үмітіме үкі байлағандай хат бар, алып-ұшып аудан орталығы Асаға келдім. Арғынбай аға шашын артқа лақтырып тараған, аққұба өңді, бойшаң кісі екен. Келген шаруамды айтып, хатты бердім. Ол кісі көзілдірігінің арғы жағынан маған барлай қарап: «Айналайын, саған редакцияда лайық жұмыс

Мектеп қабырғасымен қош айтысып, «Қайдасың, Алматы, қайдасың, КазГУ?» деп бала кезден балғын ойдың жетегінде жүрген мен жолға шықтым. Журналист болу – арманым. Жетінші сыныпта жүргенімде анама арнап өлең жазып, аудандық «Шұғыла» газетіне жолдағаным бар. Түзеліп, кезеліп газеттің соңғы бетіне шығыпты. «Болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, менің талабымды талақ қылмай, үмітіме жел бергендей ағаларым газетке басып жіберіпті. Ол кезде елдің бәрі газет, журналға жазылғыш еді. Еріктерімен бе, еріксіз бе, әйтеуір апта сайын бір бума қылып әкеліп тастайтын. «Шұғыладан» өлеңімді көргенде өзімді керемет ақын екенмін деп қалғаным бар. Қазір ғой, еске түссе күлкім келетіні. Жүгіріп анама апарып көрсеттім. Марқұм анамның сол кездегі қуанышын көрсеңіз ғой. Мен бір әлемді өзіме қаратқан шайырдай кеудемді кере қалғаным бар. Өзі шағын ғана ауылды бұл жаңалық лезде гүлетіп кетті. Анам көршілерге, олар одан әрі желдей жүгіртіп жіберсе керек. Содан кейін бар есіл-дертім өлең жазу, ақын болу еді.

жоқ. Бұл жерде барлығы жоғары білімді мамандар. Ақыры келіп қалған екенсің, мына ғимараттың екінші бөлігінде баспахана бар. Сені сонда жұмысқа алса, директорымен сөйлесіп көрейін», – деді. Сөйтіп орнынан тұрып, артымнан ер дегендей ишара білдіріп, жол бастады. Баспаханың директоры Дронов деген орыс екен. Обалы не керек, ол Арғынбай ағаның сөзін жерге тастамады. Мені баспаханаға «қолмен әріп теруші шәкірті» деген жұмысқа қабылдады. Бұл мен үшін баға жетпес бақыт еді. Ол кезде редакция мен баспаханың аражігін онша айырып жатқан жоқпын. Бір ғимаратта болған соң ба, екеуі мен үшін бір мекеме сияқты көрінген. Оның үстіне, үйден редакцияға жұмысқа кеттім деп шыққаным, басым салбырап кері қайтпағаным мәзбім. Осылай өмір деген үлкен жолдың соқпағына алғаш аяқ бастым.

Жұмысым, аяғымнан тік тұрып, алдымда жаққан кассадағы әріптерді теріп, түрлі іс қағаздарын дайындаймын. Осы жерде менен екі-үш жас үлкен Сансызбай деген жігітпен таныстым. Оның да арақидік өлең жазатыны бар екен. Құрдасымдай жақын дос болып кетті. Сансызбайдың жұмысы менікінен жоғары, газет беттерін жасаушы. Бір ғимаратта болғаннан кейін бе, редакциядағы алдыңғы қатардағы ағалармен жақын танысып, қоян-қолтық араласып кеттік. Бас редактордың орынбасары, балалар ақыны Совет Әлімқұлов,

журналистер Болат Жаппаров, Дүйсен Молдақұлов, Маханбетәлі Дүйсебаев, Бақытжан Оспанов деген ағаларымыз қызмет жасайтын.

Олармен күнде көрісіп жүрген соң редакцияға емін-еркін кіріп-шығып жүретінбіз. Бірде мектепте жүріп жазған өлеңсымақ бір-екі шығарманды ақын ағамыз Совет Әлімқұловқа апарып көрсеттім. Ол кісі бетімді қайтармай, тастап кет, қолым тигенде қарап шығамын деді. Бір аптадай күттім. Бір күні маған жұмыстың соңына қарай кіріп кет деді. Кабинетіне кіргенім сол еді «Өй, сен өзін ақын екенсің ғой» дегені бар емес пе. Сасып қалдым. Ондай сөз күтпегенмін. Теріме сыймай жарылып кетердей болып тұрмын. Ақын ағамыздан бұндай сөз есту мен үшін үлкен мәртебе еді. Қарама-қарсы үстелге отыр деп көзімнен көрсетті. Сосын алдында жатқан ақ қағазға жазылған менікі ме, менікі емес пе, әбден шимайланған жазбаны қолына алып, сөйлеп кетті.

– Талабың жақсы екен. Сенен жақсы ақын шығайын деп тұр. Бірақ көп оқып, көп іздену керек, – деді. Сөйтті де қағаздағы өлеңді екеуміздің ортамызға қойды да, оқи бастады. Басы менің өлеңім сияқты еді ары қарай басқа біреудің өлеңін оқып отырғандай болды. Сөйтсем менің жазғандарымды қаламының сиясын аямай шимақтаған екен. Оқып біткенше тыпырышып, ыңғайсыз күй кештім.

– Міне, енді керемет өлең

болды, – деді. Маған қысыңқы көздерімен бір қарап алды да, – Мына жолдағы ойларың жақсы, бірақ, сөз ұйқастары келмей тұр. Алдыңғы ойыңды шашыратып алғансың, – деп оны қалай өзгергенін тәптіштеп түсіндіріп жатыр. Өлгінде ғана естіген мақтаудан ісіп-кеуіп кеткен көкірегім бастан асыра көтеріп асфальтқа тарс дегізіп тастап жібергендей болдым. Маңдайымнан аққан терді жеңіммен қайта-қайта сүрте берем. Алдымызда жатқан белгісіз біреудің өлеңін оқып біткенше тынысым тарылып, мына кабинеттен шығуға асықтым. Совет аға бәрін жіті бақылап, бәрін сезіп отыр. Өлең біткен соң маған тіке қарап:

– Сен неге сонша абыржып кеттің? – деді. – Мен саған өлеңнің қалай жазылғаны дұрыс екенін, ақын деген жазғанда тың теңеулерді қолдана білу керектігін көрсетіп отырмын. Бұған ыңғайсызданатын ештеме жоқ. Бәріміз де осылай бастағанбыз, – деп басу айтты ма, үмітімді үзіп жібермейін деді ме, артынан арқамнан қаққандай етіп жігерлендіріп жатыр. Сенбілік нөмірдің соңғы бетіне ағам екеуміздің «жазған» өлеңіміз менің атыммен жарқ етіп шықты. Бұндай жағдай бірнеше рет қайталанды. Мен жазуымды қоймадым, Совет ағам шимайлауын қоймады. Газетке тағы бір-екі өлеңім шыққан соң ағаның алдына баруды тоқтаттым. Менен ақын шықпайды деген

оймен өлең жазуды қойып кеттім. Қазір ойлап қарасам, Совет ағам менің өлеңдерімді шимайлағанда мені мұқалтайын деп емес, өлең сөздің қыр-сыры мен қиындығын түсіндірейін дегені екен ғой. Сөйтіп мені қамшылағысы келген екен ғой.

Жамбылдағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдаған соң ауылға мектепке жұмысқа тұрдым. Бір жарым жылдай балаларға сабақ бердім. Бала кезден арман еткен журналист болу талабым мені бәрібір аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне қайта алып келді. Бұл кезде газеттің бас редакторы Базар Қиыбаев болатын. Ол кісі мені тілші етіп жұмысқа қабылдады. Басында айттым ғой, редакция мен баспахана бір ғимаратта орналасқан деп. Баспаханада жұмыс істеп жүргенімде ғимаратқа кірген кезде баспаханаға оңға қарай темір есікке кіріп кететінмін. Сол кезде ойлайтынмын, қашан солға қарай, редакцияға кіремін деп. Ол арманым да орындалды. Жас маман ретінде мені қамқорлығына алған, даусы Высоцкийдің даусындай гүрілдеген Болат Жаппаров, Байтанағали Толентаев ағаларым мақала жазудың қыр-сырын түсіндіріп, жазуға машықтандырды. Жауапты хатшы Лесбек Өзбергеннов ағамыз да өз білгенін айтып, белімді буып, қаламымды ұштап жататын. Қазір қарап отырсам, бүгінде кейбіреулері о дүниелік болып кеткен ағаларым мені өз балаларындай еркелетіп, бетімнен қақпай, қолдарынан келгенше ақыл-кеңестерін айтып, журналистікке баулыған екен. Сондықтан да «Шұғыла-Радуга» газеті менің қалыптасуыма, жазуға машықтануыма алғаш бағыт-бағдар берген қадірлі орын. Бүгінде бірдеме жазу қолымыздан келіп жатса, сол кездегі ағаларымының тәрбиесі, үлгі-өнегесі. Мен үшін «Шұғыла» шығармашылыққа тұңғыш қадам басқан, шыңдалу мектебім болып қала береді.

Соңы. Басы 1-бетте

## Алғаш көрген әсерлі әлемім

Мен сияқты «сары ауыз балапан» жастүлек, кеше ғана мектеп бітіріп, оқуға түсуге жолы болмай қайтып келген баланың мақсат-тілегін аяғына дейін тындап, «балам, бізде қазір саған лайықты орын жоқ, егер редакция мен баспахана ауылынан алыс кетпеймін десең, бізге жапсарлас қоныс тепкен баспаханаға әріп теруші болып орналас, орын болып жатса, сол жерге орналасуыңа көмегімді берейін» деп, баспахана директоры Дроновқа алып кірді. Аз әңгімеден соң, ол кісі орын бар екенін айтып, мен жұмысқа қабылдау жөніндегі өтінішімді жаздым...

Сөйтіп, ертеңіне-ақ баспаханада әріп теруші шәкірт болып шыға келдім. Баспахана іші бұрын-соңды мен кіріп көрмеген қызық әлем. Аптасына үш мәрте оқырманға жол тартатын газет материалдары осы жерде теріліп, беттері осы жерде қатталып, туннің бір мезгілінде кезекші журналист қол қойып, таңға жуық басылып, почта қызметі алып кетіп, аудан тұрғындарына бояуы таза кебе қоймаған газетті таратады екен. Осындай қызық



әлемде газет беттеушілер Ералы Мәлімбетов пен Сансызбай Махамбетқұлов есімді жігіттердің атқаратын жұмыстары ең жауапты әрі күрделі екен. Ерекең ересектеу, отбасылы, бір-екі баласы бар, ал Сәкен азаматтық борышын өтеп келіп, әскерге дейін істеп кеткен ұжымына қайта келіп жұмыс істеп жатқан, жиырмалардың үстіндегі жалынды жігіт.

Осы тұста өзім қатарлы Илияс деген жігіт ортамызды толтырды.

Құрдасым Илияс Ысқаков алғаш аудандық баспаханада газет беттеуші, содан газетте тілші, араға бірнеше жыл салып Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы-Сельская новь» газетінің бас редакторы, облыстық және республикалық телеарналарда басшы қызметтер атқарды. Деректі және көркем фильмдердің сценарийін жазды, продюсерлік жасады. Бүгінде Мемлекеттік орталық Кино-фото құжаттар

мен дыбыс жазбалар архивінің директоры болып отырған жерлесімді мақтан етемін.

Осында жүріп Бақытжан және Бакберген Оспанов деген ағайынды жігіттермен таныстым. Менекі айдан соң баспаханадан редакцияға ауыстым. Ол жерде жасы үлкендер «күнім» демесе де, «інім» деп жақын тартқан жақсы ағалар болды. Алдында айтқан Совет Әлімқұлов, Шаймерден Дәуренов, Болат Жаппаров, Сапарғали Өлібаев, Құттымбет Райымбеков (барлығы да марқұм) сынды естен шықпас ағаларым – беттен қақпай белді бұған жақсылар. Бүгінде сексеннің сенгіріне жақындап қалған Маханбетәлі Дүйсебаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, ұзақ жыл аудандық газетті басқарған Сансызбай Махамбетқұлов ағаларыма тірінің тәтті тіршілігі жалғаса берсін деп, үш ағамды газетіміздің 60 жылдық мерекесімен құттықтаймын!

Мен бірнеше жылдан кейін Алматыға ҚазМу-ға оқуға түсіп, оны бітірген соң Орталық Партия комитеті идеология бөлімінің

жолдамасымен қазіргі Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» газетіне тілші болып бардым. Ол ұжымда түрлі деңгейдегі жұмыстарды атқарып жүріп, кейін облыстық телерадиокомпанияның қоғамдық-саяси редакциясына редактор болып ауыстым, облыстық радиода тілші, «Райхан» телеарнасында журналист, облыстық Ішкі істер департаментінде баспасөз қызметінің жетекшісі қызметтерін атқарып, соңғы жұмыс орнымнан полиция полковнигі шенімен зейнетке шықтым. Қазақстан Журналистер одағының мүшесімін. Астана қаласында тұрамын.

Қанша десемде, туған жерімде тұрған «Шұғыланың» шуақты шаңырағы есімнен шыққан емес. Сағынамын. «Газет – қағаз бетіндегі әріптер тізбегі ғана емес, халықтың жүрек соғысы, уақыттың жанды куәсі, жақсылықтың хабаршысы, өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір» деген ақиқат сөздің қадірін біліп, қазіргі таңда ауданымың газетін абыроймен шығарып жүрген әріптес азаматтарға табыс тілеймін.

# Сол күндерді сағына еске аламыз



Дүйсен МОЛДАҚҰЛОВ,  
«Шұғыла» газетінің  
1985-1997 жылдардағы  
тілшісі, бөлім меңгерушісі.

Редакция ғимаратының екінші қапталында аудандық баспахана орналасқан. Оны ұзақ жылдар бойы Ералы Мәлімбетов абыроймен басқарды. Бет жасаушы Сансызбай Махамбетқұлов, лнотип машинасында терімші Гүлжан Бескемпірова сынды өз ісінің шеберлері еңбек етті.

Екі мекеме бір ұжым болып қалыптасқан еді. Ол кездегі газетті шығару қиынның қиыны болатын. Қорғасынның қою түтініне малынып, мақалалардың тақырыбындағы әр әріпті жеке-жеке қолмен теретін. Сонда мен Сәкеннің (Сансызбайдың) еңбегіне тәнті болатынмын. Қорғасын бет жасау деген інemen құдық қазғанмен бірдей көрінетін маған. Арасында қорғасын балқытатын арнайы цехқа барып, құлаштай салмақты қорғасынды лнотипистерге жеткізіп беру де Сәкеннің мойнында. Жұмысының қаншалықты ауырлығына қарамастан оның қабақ шытып, ренжігенін көрген емеспін. Қашанда жеңіл күлкісі мен әсерлі әзілінен бір айнымайтын. Ара-тұра түннің жарымына дейін кезекшілік атқаратынбыз.

Кейде газет басытын жігіттер дайын қорғасын беттерін ғайыптан тайып шашып алған кездер де кездесетін. Ал, сол шашылған беттерді қайта жинап, қайта оқу, қатесін қайта шығару деген нағыз азаптың азабы еді. Ондай кезде кезекші мен корректор таңға дейін жүретін. Бір жолы газет тиражы толық

мен «Шұғыла-Радуга» газетіне зайыбым Ардақ Құтпанбаева екеуіміз университет бітіргеннен кейін бір жылдан соң келдік. Базар ағамыз Қилыбаев басқаратын ұжыммен тез тіл табысып, тонның ішкі бауындай араласып кеттік. Бізді оқу бітіріп келген маман ретінде жылы қабылдады. Редактордың орынбасарлары Совет Әлімқұлов пен Бақытжан Оспанов, жауапты хатшы Лесбек Әзбергенов, бөлім меңгерушілері Маханбетәлі Дүйсебаев пен Бақыт Сырлыбаев, тілшілер Болат Жаппаров, Мейрамбай Сатыбалды, фототілші Сейсенбек Айтбаев, аудармашылар Уәсила Әбумәлікова мен Тұрсынқұл Ентаева, бухгалтеріміз Үміт, сосын Алма Әлиева, машбюрода Зылиха әпкей мен Галина, кейіннен Байтанағали Төлентаев қосылды.



Суретте: солдан оңға қарай Сансызбай Махамбетқұлов, Совет Әлімқұлов, Байтанағали Төлентаев, Рахым Сатаев (ұзақ жылдар ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқытушы болған. Кейін Қазақстан Журналистер одағында қызмет етіп, бізге Қазақстан Журналистер одағына мүшелік билетін келіп тапсырған) және мен. 1988 жыл.

басылып, поштаға жібергелі жатқанда, қазір кім екені есімде жоқ, газет редакторының аты түсіп қалғанын байқады. Редактордың аты жазатайым жазылмай қалған газетті газет емес, «листовка» дейтін.

Мұндай қателік партияның кезінде үлкен «ЧП» болатын. «Не істейміз? Не қыламыз?» – деп бәріміз әбігерге түсіп жатырмыз. Корректор мен газет кезекшісінде өң-түс жоқ. Газеттің барлық тиражын жойып, қайта басу жөнінде де ұсыныс айтылды. Мұның қыруар шығын екені белгілі.

Әйтеуір соңында редакция мен баспаханың қызметкерлерінің барлығы қолдарында қорғасынға терілген «Редактор Б.Қилыбаев» деген жазуды бояуға батырып алып, мөр басқандай газеттің төртінші бетіне, редактордың аты-жөні тұратын тұсқа түске дейін басып шыққанбыз.

Сөйтіп үлкен бір дау-дамайдан құтылған жағдайымыз да бар еді. «Шұғылада» жастық шағымыздың есте қалаар, ұмытпайтын бір жақсы кезеңі өтті. Бір-бірімізбен жақсы қарым-қатынаста болдық, сыйластық. Жасы үлкен әріптестеріміздің бетіне қарсы

келген кездеріміз болған жоқ. Тең құрбыдай орынды әзілімізді, сыпайы қалжыңымызды арнап жүрдік.

Менің аңшылыққа аздап құмарлығым бар екенін сондағы жігіттер жақсы білетін. Көктемгі қаз-үйректер қаптап келетін мезгілде шыдамай ауылым Түгіскенге тартып кететінмін. Онда көктемгі аңшылық маусым қыз-қыз қайнап жататын.

Еңбек тәртібіне жауапты хатшымыз Лекең: – Леке, «прикройте», – дейтін едім.

Ол кісі езу тартып, басын

изейтін. Көктемнің күні адамды тез тотықтырады ғой, арада бір жұма өткенде күнге өбден қарайған мен «Редакторымыз не дер екен?» деп жұмысқа жүрексіне келетін едім.

Базар ағам пейілі кең, ақжүрек азамат болатын. Білсе де, білмеген, сезсе де, сезбеген сынай танытатын.

Жұмысқа қатысты талап күшті болғанмен, одан былайғы уақытта бір-бірімізге дос, бауыр, ағайын-туыстай болып кеткен едік.

Редакция мен баспахана коммунистерін біріктірген бастауыш партия ұйымы болатын. Бірде редакторымыздың кабинетінде жоғарыдан бекітілген кестеге сәйкес ашық партия жиналысы өтті. Оған коммунистермен бірге партияда жоқтар да қатысатын. Күн тәртібінде – еңбек тәртібі. Ұйымның хатшысы ауыспайтын Лесбек ағамыз.

Партияның алға қойған міндеттері, оны жүзеге асыру жолдары туралы толғаған Лекең ұжымдағы тәртіпті баяндауға келгенде түсін суытып:

– Еңбек тәртібі бәрімізге ортақ, сондықтан оған бағынуымыз керек. Арамызда жұмысқа кеш келіп, ерте кетіп қалағындар бар, – деді бәрімізге шола қарап.

Бірақ ешкімнің атын атамады, жарықтық. Дегенмен, бәріміз әліптің артын бағып үнсіз отырмыз.

– Кейде ескертіп, «а» десен, «я» дейтіндер бар, – дегенді тағы қосып қойды.

– Ойбай, Леке, «а» мен «я»-ның ортасында талай әріп қалып кетті ғой, – деп қойып қалғанымыз өзін де аңғармай қалдым.

Бәрі ду күлді, Лекеңнің де манағыдай емес, түсі жылып күліп жіберді.

Сөйтіп, сол жиналысымыздың аяғы мамыражай бітіп еді.

Бүгінде, өкінішке орай, сол абзал жандардың біразы арамызда жоқ. Базар ағай да, Лесбек ағай да, Совет ағай мен Болат ағай, Мейрамбай, Гүлжан мен Алма да бақылық болды.

Жанымызға жақын осынау аяулы жандар есте ұмытыла ма?! Өзіміз де «Шұғыладағы» шуақты күндерімізді сағына жиі еске аламыз.



Ералы МӘЛІМБЕТОВ,  
Жамбыл аудандық  
баспаханасының 1982-2009  
жылдардағы директоры.

Түсінген адамға газет шығару оңай тірлік емес. Машақаты көп жұмыс десе де болады. Әсіресе, біз газет шығарған 1977-1992 жылдары солай еді. Сонау 1976 жылы желтоқсан айында әскерден оралдым. Дәл сол жылы редакция Аса ауылына көшіп келгенін, аудан тарихында бірінші рет баспахана ашылғанын естідім. Уақыт оздырмай баспаханаға барып, басшылықпен сөйлесіп, жұмысқа орналастым. Ол кезде баспаханы баспа ісінің білгір маманы Михаил Галыгин басқаратын. Білікті басшы жас маман ретінде жұмысқа қабылдады. Бастапқыда әріп теруші болып қызмет еттім. 1977 жылы 11 мамырда

## Беделі биік басылым...

Бірер айда аудан айнасы «Шұғыла-Радуга» газетінің жарыққа шыққанына 60 жыл толады. Басылым мерейтойы тек газет ұжымына ғана емес, тұтас ауданға, жергілікті оқырман қауымға ортақ мереке. Өйткені, басылым барлық саланы қамтып, түрлі оқиғаны, іс-шараларды жаңалық етіп шығаруда. Бір сөйлеммен айтқанда, ауданмен бірге тыныстап, жергілікті халықтың үнімен үндесіп, ақпараттық қолдау көрсетіп келеді. Газеттің негізгі жұмысы да осы.

өзіміздің баспадан «Шұғыла-Радуга» газетінің алғашқы нөмірі басылып шықты. Ол уақытта газет аптасына үш рет қазақ және орыс тілдерінде жарық көретін. Таралымы – 7000 дана. Сондықтан да облыстық баспаханадан Александра Латкина, Эльма Барановская, Үрзат Көбеева, Зина Қарымсақова, Қайрат Байталиев есімді тәжірибелі баспагер, әріп теруші мамандар тартылды. Олардан көп нәрсе үйрендім. Әріп теріп жүріп, баспагердің жұмысын меңгердім. Одан кейін бет жасайтын болдым. Беттердің орнын ауыстырып, басшылықтан сөз естіген кездер де болды. Ол кезде ерінбей еңбек етіп, аудандағы жалғыз ұнпарақты уақтылы шығаруға күш жұмсап, жас болсақ та, өзімізге артылған сенімнің үдесінен шыға білдік. Жаңа кәсіпке бейімделдік. Есейе келе, жұмыстың сапалы атқарылуы да тәжірибемен келетінін ұғындық. Арада екі жыл өткенде



баспахана директоры болып Вячеслав Дронов келді. Ол мені аудандық баспаханың алғашқы

кадры ретінде Ленинградта полиграфиялық алты айлық оқу курсына жіберді. Н-140

әріп теруге арналған лнотип машиналарын шығаратын зауытта тәжірибе жинақтап, механик-машинист маман болып қайттым. Айта кетерлігі, Н-140 әріп теруге арналған машиналар сол кезде 51 мемлекетке экспортталатын.

Оқуды бітіріп келген соң, 1982 жылы 15 қаңтарда баспахана директоры болып тағайындалдым. 2009 жылға дейін қызметімді атқардым. Әр жылдары басылымның бас редакторы болған Токсанбай Жабайылдаев, Шаймерден Дәуренов, Арғынбай Бекбосынов, Базар Қилыбаев, Болат Жаппаров, Сансызбай Махамбетқұлов, басылымға ерен еңбегі сіңген журналистер Совет Әлімқұлов, Лесбек Әзбергенов, Бақытжан Оспанов сынды арда азаматтармен қызметтес болдым. Барлық мерекені екі ұжым бір отбасындай атап өтетінбіз. Бірге өткізген қызықты да жақсы кездеріміз көп болды. Барлығын да сағынышпен еске аламын.

## СҰХБАТ

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ТҰРМЫСТЫ ТҮЗЕТУДІҢ АЛҒЫШАРТЫ



**Аудандағы жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Өзекті мәселеге мән берген біз облысқа қарасты аудандық «Мансап орталығының» директоры Алтай Стамқұловпен сұхбаттасып, халықты жұмыспен қамту бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатқанын сұрап білген едік.**

**оқу курстарына қатыса ала ма?**

– Әлбетте, қатыса алады. Биылға 189 адамды электронды еңбек биржасы арқылы онлайн оқыту жоспарланған. Бүгінде 143 азамат тігінші, бухгалтер-кассир, қонақ үй бизнесі мамандықтары бойынша оқып, сертификаттарын алған.

– **Соңғы жылдары азаматтарымызға бизнес идеяларын іске асыруға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Кәсіппен айналысуға бел бұған азаматтар мемлекеттік қайтарымсыз грант алуға мүдделі. Соған**

**қалай қол жеткізуге болады?**

– Қайтарымсыз грант алуға үміткер әуелі электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық өтінішті business.enbek.kz порталы арқылы жібереді. Өтініші қабылданған жағдайда арнайы құрылған комиссияға бизнес жоспарын ұсынуы тиіс. Комиссия бизнес жоспарын мақұлдаса, мемлекеттік грантты алады. Жоспарға сәйкес 70 азаматқа жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған 400 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне

дейінгі гранттар беріледі.

Осы орайда азаматтар «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін меңгеріп алғаны абзал. Өзірге онлайн оқыту бойынша 58 азамат тіркелген.

– **Жастар жұмыссыз жүр дегенді естіп қаламыз. Жастарды жұмыспен қамту үшін қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Өздеріңізге белгілі, соңғы он жылда жастар «Жастар тәжірибесі» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жұмысқа қабылданады. Жұмыс мерзімі 1 жылдан аспайды, жалақысы 129750 теңгені құрайды. Осы жылы 130 жасты жұмысқа орналастыру жоспары бекітіліп, 19 жас жұмысқа жолданды.

– **«Күміс жас» жобасы, әлеуметтік жұмыс орындары, ақылы қоғамдық жұмыстар**

**бойынша көрсеткіштер қандай?**

– Бекітілген жоспарға сай. Бүгінде әлеуметтік жұмыс орындары арқылы 7 адам жұмысқа орналасса, ақылы қоғамдық жұмыс орындарына 309 азамат жолданды. «Күміс жас» жобасы шеңберінде 31 адам жұмыспен қамтылды.

– **Азаматтар мүмкіндігінше тұрақты жұмыс орнына орналасқысы келеді. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқтала кетсеңіз.**

– Бірден айтайын, жұмыссыздардың барлығына бірдей тұрақты жұмыс орнын тауып беру мүмкін емес. Оның үстіне халықты жұмыспен қамтуға қатысты заңдарға енгізілген өзгерістер де бар. Мәселен, ағымдағы жылы 1709 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 406 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Есептеудің жаңа тәсіліне сәйкес тек міндетті зейнетақы жарналары жүргізілген азаматтар ғана ресми түрде тұрақты жұмысқа орналасты деп есептеледі. Соған байланысты тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткіші 298 адамды құрады.

– **Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қандай көмек көрсетілуде?**

– Атаулы әлеуметтік көмек. Биылғы жылдың 1 сәуіріне 100 отбасындағы 654 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Оның ішінде шартсыз ақшалай көмекті 10 отбасындағы 45 адам алса, шартты ақшалай көмек 90 отбасындағы 609 адамға берілді. Ағымдағы жылы атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны бытырғы жылмен салыстырғанда 16 отбасыға кеміген.

– **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ



## АПТАЛЫҚ

## Аспан астындағы асыл қазына



**Ұлттық кітап күніне арналған апталық аясында аудандық орталық кітапханада «Аспан астындағы асыл қазына» атты кітапхана түні ұйымдастырылды. Жергілікті тұрғындар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапханаға оқырмандар тарту мақсат етілген іс-шара Аса ауылындағы мәдени-демалыс кешенінің ауласында өтті.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ақдана Құрымбаева жүргізген кеште Құмтиын ауылдық кітапханасының кітапханашысы Эдиса Мамбеталиева ақын Фариза Оңғарсынованың «Жақсы көру» өлеңін мәнерлеп жатқа оқыса, аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы Замира Қожамқұлова мен кітапханашы Айгерім Үркімбаева «Алғыс» әнін әулетті. Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастары мен мектеп оқушылары және кітапхана оқырмандары белсенділік танытты. Жастар жағы интеллектуалдық әдеби ойындарға қатысып, логикалық сұрақтарға жауап беріп,

көрсетілген суретке қарап, кітап пен авторын тауып айтты. Жасөспірімдер эстафеталық ойында бақ сынап, өзара екі топ болып жарысты. Жасанды интеллект арқылы мақал-мәтелдер айтып, жұмбақтар шешті. Ал, кітапхана оқырмандары музыкалық

ойын ойнап, жасырылған әуенді тауып, жастармен бірге караоке айтты. Барлығына белсенділігі үшін ынғаландыру сыйлықтары берілді.

Мәдени-әдеби іс-шарадан ерекше әсер алған қатысушылар көтеріңкі көңіл күйде үйлеріне тарқасты.



СҰХБАТ



# «ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ БӘРІН ӨЗ БАЛАМДАЙ КӨРЕМІН»

Туған жердің түтіні түзу ұшсын деген ниетпен туған ауылының дамуы үшін барын салатындарды нағыз ерлер десе болғандай. Түп тамыры туған елі екенін шын жүрегімен ұғынып, жұртының абыройын асқақтатуда еңбегін де, сұғанақ пиғылдылардан қорғауда жанын да аянбайтындар тек соғыста ғана емес, бейбіт күнде де ерлік көрсете алады. Жамбыл ауданының Шайдана ауылында туып-өскен Әділ Байұзақов жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін спорт ардагері Сенбек Байзақұлымен бірлесіп, спорт кешенін салып берді. Сонымен қатар сол ауылдың футбол командасына қолдау көрсетіп, үнемі демеушілік көрсетіп келеді. Бүгінде «QAZAQGAZ AIMAQ» Жамбыл өндірістік филиалында сервистік қызметінің басшысы қызметін атқарып жүрген Әділ Әбуұлы – «Шайдана-Алмаз» футбол командасының жетекшісі. Елдік мүдде үшін атқарған еңбектері еленіп, «Қазақ футболына – 110 жыл», «Жамбыл ауданына сіңірген еңбегі үшін», «Елеулі еңбегі үшін», «Қазақ газға еңбегі сіңген ардагер», Еңбек даңқы 1-ші, 2-ші және 3-ші дәрежелі төсбелгілерімен марапатталған. Жастарға қолдау көрсетіп, бірқатар қайырымды істерге ұйытқы болып жүрген арда азаматпен сұхбаттасып, қоғамдық мәселелер төңірегінде әңгімелескен едік.

– Әділ Әбуұлы, ұзақ жылдан бері газ саласында қызмет етіп келесіз, сонымен қатар спортшы жастарды қолдауда да атқарған еңбегіңіз елеулі. Жас спортшыларға көңіл бөлуіңізге не түрткі болды?

– Кез келген адам өзінің туған елін көркейтуге үлес қосуды басты мақсат етеді деп ойлаймын. Себебі, жарық дүниеге келгеннен бастап сол жердің ауасын жұтып, топырағында аунап өсеміз, туған елге еркелеп, солардың өнегесімен жетілеміз, үйреткен ісін өмірлік кәсібімізге айналдырамыз. Туған жерің, елің болмаса, кешкен күнің не болар еді? Ал туған елдің өркендеуі көпшіліктің еңбектеніп үлес қосуымен ғана жүзеге асады. Мәселен, өзін көрген игіліктер туған жұртымыздың себепкерлігімен маған жетті емес пе, сол секілді мен де өзімнен кейінгілер үшін бір іс жасауым керек. Әрине, бәрiмiз де оқып меңгерген мамандығымызбен тұрақты жұмыс істейміз. Алайда ол – отбасымызды, балашағамызды асырау үшін тұрақты жалақы алып, елдің бір саласында қызмет ету. Одан бөлек, атқарған ісіңе ешқандай ақы сұрамай, тек туған елдің ортақ мүддесін көздеп, халқыңның бір кәдесін жарап жатсаң, мына өмірдегі ең үлкен бақыттың бірі – сол.

Туған ауылым Шайдана – шағын ғана, не бары жүз-ақ үй қоныстанған елді мекен. Бірақ ауылдастарым өте ұйымшыл. Кез келген істі бірігіп атқарып жағады. Ал өнерге, білімге, спортқа құмар ары қарай жетілуіне қажеттісін қамтысақ, бүтін бір елдің болашағына даңғыл жол ашамыз. Біздің ауылдың спортсүйер жастарынан да мен осындай кемел келешек көремін. Бірде ауылдағы ағам, спорт ардагері Сенбек Байзақұлы ауыл жастары спорттан біраз жетістікке қол жеткізіп жүргендерін, оларға жаттығу үшін арнайы орын керегін, соған көмектесуімді айтты. Сол ұсыныспен спорт кешені салынды. Сенбек аға барлық дәнекерлеу жұмыстарын өзі істеді, ауыл жастарын ұйымдастырып, мен де дәнекерлеуші ісін меңгергенмін ғой, ағаның қасында қолғабыс етіп, кешенді салуда бәріміз жұмылдық. Сол жерде жаттығатын жас футболшылардың түрлі



жарыстарда басқалармен бак сынап, шыңдалуына қолымнан келгенше көмектесіп келемін. Ол футбол командасындағы жігіттер осы істері үшін ақы алмайды, керісінше, ауылдың, елдің намысын қорғап, жанын сала жарысқа түседі. Әрқайсысының өз отбасы үшін еңбектенетін жұмыстары бар, біреуі құрылыста, енді бірі мал бағады дегендей. Ал белгілі бір мекемелер бар, командадағы футболшыларына тұрақты жалақы төлейтін. Командамыздың жігіттеріне «Жалақы алу үшін футбол ойнап, жарысқа түсетіндердің қасында сендер ауылдың намысы үшін ақ тер-көк тер болып алаңға шығатындықтарыңмен ерексіңдер. Ақша үшін емес, еліңнің абыройы үшін сыңа түскенде рухтарың биік болуға тиіс» деймін үнемі. Негізі, адамға сөз де жігер береді ғой, шүкір, спортшыларымыздың жеңістері аз емес.

– Өзіңіз қолдау көрсетіп жүрген туған ауылыңыздың жас спортшылары біріккен футбол командасы «Шайдана-Алмаз» деп аталады. Бұл атауды қандай себептермен таңдадыңыздар? Сонымен қатар облыста «Жыл командасы» атағына ие болыпты. Мұндай биікке жетуге кімдердің еңбегі көбірек сінді?

– Шайдана – ауылымыздың аты. Ал Алмаз – өзімнің ұлым, спорттың жекпе-жек түрімен шұғылданатын, көздеген үлкен мақсаттары бар еді, бірақ Жаратушымыздың

қалауымен 25 жасында өмірден озды. Өзі таңдаған спорт түрінен біраз жарыстарда сынға түсіп, облысымыздың жеңімпаз ұландарының қатарын толықтырып келе жатқан ұлымның жеңісті жолы жұғысты болсын деген ниетпен және жастардың ұсынысымен командамыздың атына қостық. Бұрын Шайдана ауылының футбол командасы деп аталып жүрген командаға «Шайдана-Алмаз» атауы 2020 жылы берілді. Негізі, бұл командаға барын сала жетекшілік етіп жүрген, талантты жігіт Азамат Құрбановтың ұсынысымен мені жетекші деп сайлап, балалармен бірге өзім де футболға қатысатын болдым. Командамыздың футболшыларына арналған формада ұлымның есімі жазылып тұрғандықтан, олардың бәрін өз балам деп құрметтеймін, үнемі білгенімді айтып, жарыс алдында ұранды сөздермен қанаттандырып отырамын. Шүкір, командамыз үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Облыста 2024 жылы біздің командамыз «Жыл командасы» және кіші футболдан «Облыс жеңімпазы» дәрежесін иеленді. Азамат Құрбанов бастаған Айдын Есенгелді, Ерік Досымов, Бекарыс Жұмаділда, Заңғар Аманалы, Рамазан Есенгелді, Елдар Әуесхан, Илияс Алмабек сынды шебер ойыншыларымыз артынан ерген інілеріне өздері меңгерген әдістерді үйретіп, команданы алға сүйреп келеді. Кейінгі жылдары «Шайдана-Алмаз» футбол клубы облыстағы

әуесқойлар арасындағы футбол лигасында 2 рет күміс жүлдегер және 2 рет I орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. Олардың қарқынды қадамдарына қарап, әлі алда талай биіктерді бағындыратындарына сенемін. Аудандық әкімдік тарапынан да спортқа көңіл бөлініп, ауылдағы спорт кешеніміздің жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырылып келеді. Былтыр күзде аудандық әкімдік қажетті қаржы бөліп, тоза бастаған тұстарын жөндеп, қайта жаңартып берді, аудан басшыларына ризашылығымды білдіремін. Себебі, салынғалы 14 жыл болған, ескіре бастап еді.

– Үлкен әулеттен шыққан, он сегіз балаға өмір сыйлап, тәрбиелеген отбасының он жетінші баласы болып өскен азамат ретінде отбасы құндылығы туралы ойыңызды білсек.

– Халқымыз «Балалы үй – базар» деп бекер айтпайды. Көпбалалы отбасының тәрбиесі де, берекесі де бөлек. Ондай отбасынан шыққан балалар өте бауырмал және қамқор болып өседі. Өз әулетімдегі он сегіз бауырдан бүгінде жетеуіміз бармыз. Шүкір, әкеміз бен анамыздың ұстанған тәлімі әрбіріміздің шаңырағымызда тамырын үзбей жалғасып келеді. Қазір өзім екі ұлдың әкесімін. Біз бала күнімізден бір-біріміздің киімімізді киіп, жарты нанды бөлісе жеп, біріміздің ісімізді бәріміз жабыла атқарып өстік. Ауылда біздің үйімізді жөндейтін



болса, ағаларым келіп бәрін істейтін, солардан үйреніп, құрылысқа жақын болып өстім. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, отбасы адамның болашағына, бүкіл тағдырына үлкен әсерін тигізеді, ата-ананың іс-әрекетінен, сөзінен бойға мінез, тәрбие сіңіреміз. Ал көпбалалы отбасынан шыққандар ортақ іске жұмылуға бейім болып шығады, өзгелерге қажет кезде көмектесуге дайын тұратын қасиет қалыптасады. «Он қолың бергенді сол қолың білмесін» дейді ғой, дегенмен Құранда садақаның екі негізгі түрі – жария, яғни көрсетіп және жасырын берілетін садақ бары айтылған. Жария садақ ықыласпен, өзгелерге үлгі болу үшін көрсетіліп беріледі екен. Осыны оқығалы бері, кейбір істерімді басқалар да білсін деген оймен айтып жүретінім бар. 2007 жылы ақылшым болған ағам Сенбек Байзақұлына «Өз еліміздегі және Өзбекстандағы ата-бабаларға зиярат етіп жүрміз, енді қажылыққа барып, мұсылмандық бір парызымызды өтесек» деп ұсыныс айттым. Қасиетті сапарға қажетті қаржыны табу үшін мініп жүрген көлігімді сағуды жоспарладым. Ағам ауылдың имамы Тұрғынбек Оңғарбаев ақсақалды да бірге алып баруды құп көрді. Сұрастырсақ, қажылыққа бару 2 адамға 4 мың АҚШ доллары екен. Алланың қалауы ғой, менің де көлігім сол бағаға өтті. Сонымен екі ақсақалды жіберіп, өзін ол жолы бара алмай қалдым. Қасиетті мекенде жүрген ауыл имамы «Қара басымызды хан қылған Әділдің тілеуін Алла берсін!» деп бата берген еді, шүкір Жаратқан Ием кейін көліктің неше түрін мінгізді ғой. Ауыл ақсақалдарының қажылыққа баруына себепкер болған мені 2012 және 2023 жылы екі ұлым қажылыққа жіберді. Біреудің игілігіне көмегің тисе, сенің жақсылыққа жетуіңді Жаратушы Өзі бұйыртады. Ешбір іс-әрекетіміз жауапсыз қалмайды, жақсылық жасаған да, жамандық істесен де өзіңе қайтып келеді. Отбасында балаларға осыны көбірек айтсақ, мейірімді, жанашыр, қамқор қоғам құра аламыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Қамар ҚАРАСАЕВА

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

## ЖАС ТАЛАП

# АШЫҚТЫҚ, БАҚЫЛАУ, ТИІМДІЛІК: QALQAN ПЛАТФОРМАСЫ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру бағытында ауқымды цифрлық жаңғырту басталғанын жариялады. Трансформацияның негізгі құралына айналған Qalqan платформасы «МӘМС 2.0» моделінің технологиялық негізі ретінде енгізілуде.



Қазір қор тарапынан денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тетіктерін кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оның басты мақсаты – МӘМС жүйесі қаражатын пайдалану кезінде ашықтықты, басқаруды және тиімділікті арттыру.

Qalqan денсаулық сақтауды қаржыландырудың бірыңғай порталы аталған жұмыстың технологиялық негізі болмақ. Платформа медициналық қызметтерді есепке алу, тексеру және төлеу сияқты қаржылық үрдістерді автоматтандыруға арналған. Бұл ретте ол медициналық ақпараттық жүйелерді алмастырмайды және емдеу-диагностикалық процестеріне әсер етпейді.

Сонымен қатар, платформаны енгізу қолданыстағы мемлекеттік цифрлық инфрақұрылым негізінде жүзеге асырылатынын және денсаулық сақтау жүйесі үшін қосымша шығындарды талап етпейтінін атап өткен жөн.

– Қазіргі таңда қордың қызметі толық емес, тек жекелеген бағыттар бойынша ғана цифрландырылған әрі жүйесіз сипатта жүзеге асырылып отыр. Қолданыстағы ақпараттық жүйелер жекелеген үдерістерді автоматтандырғанымен, олардың арасында өзара байланыс жеткіліксіз. Соның салдарынан операциялардың біршама бөлігі әлі де қолмен орындалып, негізгі шешімдер әртүрлі, өзара үйлеспейтін деректерге

сүйене отырып қабылданады. Осы ретте қордың алдында басқарудың толыққанды цифрлық моделіне көшу міндеті тұр, – дейді Индира Ерденова.

Qalqan платформасын іске қосу қордың әдіснамалық қолдауымен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ тарапынан кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бірінші кезеңде келесі жұмыстар атқарылды:

– деректерді автоматты түрде тексеру отырып, медициналық ұйымдардың электрондық дерекқорын қалыптастыру;

– пациенттерді цифрлық сәйкестендіру жүйесі (Face ID, QR арқылы растау) іске қосылды;

– денсаулық сақтау саласындағы негізгі ақпараттық жүйелермен интеграция қамтамасыз етілді.

Осы жылдың 17 сәуірінде Астана қаласы әкімдігінің «№1 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-не көрсетілген қызметтер үшін төлем Qalqan платформасы арқылы жүзеге асырылды. Екінші кезеңде жүйені кең ауқымда енгізу, медициналық ұйымдарды санаттарға бөлу алгоритмдерін іске қосу және сол санаттарға сәйкес қаржыландыру, сондай-ақ талдау және болжау құралдарын, оның ішінде ақауларды бақылау мен талдауға арналған жасанды интеллект элементтерін енгізу жоспарлануда. Бұл жұмыстар 2026 жылдың соңына дейін аяқталады.

– Qalqan платформасын енгізу – бұл

жай ғана IT құралын ауыстыру емес, денсаулық сақтау ресурстарын басқарудың сапалы жаңа деңгейіне көшу. Біз алдын ала бақылауды енгізіп отырмыз: жүйе шот қалыптастыру кезеңінде-ақ сәйкессіздіктер мен ақауларды автоматты түрде анықтайды. Адал жұмыс істейтін клиникалар «жасыл дәліз» деп белгіленіп, соған сай төлемдерді уақтылы алса, мемлекет үшін МӘМС қаражатының нақты көрсетілген медициналық көмекке жұмсалыуына кепілдік береді, – дейді Индира Ерденова.

Ең маңызды жаңашылдықтардың бірі – «халықтық бақылау» құралдарын іске қосу болмақ. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, eGov Mobile қосымшасында арнайы сервистерді енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Азаматтар үшін қандай өзгерістер болады:

QR арқылы растау: Пациент көрсетілген қызметті QR-код арқылы растай алады. Бұл «жалған жазбаларға» тосқауыл қояды, себебі көрсетілмеген қызмет үшін төлем жасау мүмкін болмайды.

Қызметтердің цифрлық профилі: Жеке кабинетте нақты адамға көрсетілген медициналық қызметтер үшін қор тарапынан жасалған төлемдер туралы ақпарат болады.

Кері байланыс: Азаматтар өтініштерді жедел жолдап, артық немесе қате аударылған жарналарды смартфон арқылы қайтару мүмкіндігіне ие болады.

Қорда атап өткендей, Qalqan платформасы қолданыстағы мемлекеттік инфрақұрылым негізінде (ҚР Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік тізілімі» ақпараттық жүйесі) енгізілуде, бұл денсаулық сақтау бюджетіне қосымша салмақ түсірмейді.

Деректер қауіпсіздігі – басты басымдықтардың бірі. Платформа диагноздар мен емдеу барысы туралы мәліметтерді сақтамайды. Бұл ақпарат медициналық ұйымдардың қорғауында қалады. Qalqan тек қорғалған мемлекеттік байланыс арналары арқылы қаржылық-талдамалық деректермен жұмыс істейді.

Qalqan платформасы МӘМС жүйесінің «цифрлық қалқанына» айналуға. Ол пациенттердің құқықтарын қорғап, қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етеді, адал бизнеске төлемдерді автоматтандыру арқылы қолдау көрсетеді және мемлекетке денсаулық сақтау саласындағы шығындарды тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі.



## Мектеп – үңсіз естелік

Балалығым – қоңыраудың үнінде,  
Күміс үнмен басталады күнім де.  
Әрбір әріп ақ тақтаға жазылған,  
Із боп қалды жүрегімнің түбінде.

Жан-жүйемде жаңғырады сол бір үн,  
Сырын бағып өлең жаздым мен бүгін.  
Естелікке он бір жылда жазылған,  
Нүкте қойып, бетін жабар келді күн.

Мектеп деген құтты мекен қайда бар,  
Әр балаға аппақ қанат байлаған.  
Алаңдамай желіп жүрген сәттерім,  
Күні ертең-ақ сағынышқа айналар.

Келді кезім үлкен жолмен қырды асар,  
Сезім де бар тулап кетер жырласам.  
Соңғы мәрте соғылғанда қоңырау,  
Білем, білем, көкіректі мұң басар...

## «Рақмет» деген...

«Рақмет» деген – жүректің бір шуағы,  
Шуақты адам оның парқын ұғады.  
Қасиеті, түп-тамыры бұл сөздің,  
Қайырым мен мейірімнен тұрады.

Рақмет айтсаң төмендемес беделің,  
Адамзатқа алғыс болсын берерің.  
Адал жанға ризалық пен құрметің,  
Ізгіліктен нәр алады дер едім.

Рақмет айтсаң бақ орнайды қоғамда,  
Сәуле беріп нұр тарайды ғаламға.  
Ақ ниетпен, шын пейілмен шүкір де,  
Жаксылығын аямаған адамға.

## Жаным анам

Тауқыметпен өтсе-дағы ғұмырың,  
Бердің маған бар әлемнің жылуын.  
Құшағыңда шаңырақтың шуағы,  
Жүрегіңде менің биік тұғырым.

Қамқорым боп, қорғаным боп қаласың,  
Балаң үшін ақылды да данасың.  
Шырақ жағып, қуат беріп бойыма,  
Әке жоғын білдірмеген анашым.

Білесің бе, маған ең бір керегі,  
Жаз жаныңның жайқалсыншы желегі.  
Жаным анам, жанарыңнан әрдайым,  
Алтын күндей арай көргім келеді.

Береке СЕЙТБЕКОВА,  
Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы.



ŞUGYLA-RADUGA  
8 (72633) 2-17-98

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Şugyla-  
Raduga» газеті редакциясына  
хабарлассаңыздар болады

ЖИМНАЗ-АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ  
ŞUGYLA-RADUGA

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98  
Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ  
Аружан КҮНТУБАЙ  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ  
Құрбанәлі Шахабай  
Жұматай Көксубайұлы  
Ғалия АЛИЕВА

87059774177  
87002642761  
87474240395  
87788758489  
87088419629  
87075853423

Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

2-20-24  
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №251

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.  
Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үй.